

**«ТЕРРОРИЗМ-ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ»
Террорлық шабуылдар қаупі туралы
ЖАДЫНАМА**

ЕСТЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Лаңкестік топтар жарылғыш құрылғыларды күтпеген нысандарда, күтпеген жерлерде (әскери қалашық үй-жайларында, салынып жатқан ғимараттың жертөлелерінде, адамдар көп жиналатын жерлерге, трансформаторлық кабиналарға, тұраққа қойылған көліктерге, жұмыс орындарына және т.б.) орнатуы мүмкін. Әрбір азаматтың дұрыс, сауатты іс-әрекеті лаңкестік әрекеттің алдын алуға, оның салдарын айтарлықтай азайтуға, сіздің және басқалардың өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Террорлық акт қаупі төнген кездегі қауіпсіздік талаптары

1. Айналаңыздағы адамдарға өте мұқият болыңыз. Қандай жағдай болмаса да САБЫР САҚТАҢЫЗДАР!!!
2. Өз объектіңізді және қызмет орныңызды қорғаңыз:
 - өртке қарсы шараларды жүргізу және олардың тұрақты сақталуын қамтамасыз ету;
 - жарылғыш құрылғылардың ықтимал орналасу орындарын және жарылғыш ауа қоспаларының пайда болуын тексеру;
 - қасыңызда бөгде адамдардың, тұрақта – бейтаныс көліктердің, жабық контейнерлердің және басқа да күдікті заттардың пайда болуына назар аудару;
 - барлық күдікті заттар туралы тікелей командирге (басшыға) хабарлау.

Сіз жарылғыш затты байқап қалдыңыз

Лаңкестік топтар кез келген зат ретінде жасырылған өнеркәсіптік және қолдан жасалған құрылғыларды пайдалана алады.

Күдікті затты байқаған кезде:

1. Оған жақындамаңыз, қолыңызбен ұстамаңыз және ашуға тырыспаңыз.
2. Табылған зат туралы басқа адамдар арқылы тікелей командиріңізге (басшыңызға) хабарлаңыз.
3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өкілдері келгенге дейін әскери қызметшілерге, кездейсоқ адамдарға қауіпті объектіге жақындауға, оған қол тигізуге немесе оны залалсыздандыру әрекеттеріне жол бермеңіз.

Көлікте (әсіресе метрода) саяхаттаған кезде, тасталған заттарға (сөмкелер, портфельдер, және т.б.) назар аударыңыз.

Егер мұндай заттар табылса, дереу жүргізушіге (машинистке) немесе кез келген полиция қызметкеріне хабарлаңыз. Оларды ашпаңыз, қолыңызбен ұстамаңыз, қасында тұрған адамдарға ескертіңіз.

Әдетте жарылғыш құрылғылар жертөлелерде, бірінші қабаттарда, баспалдақ астына қоқыс төгетін шұңқырдың жанында орналастырылады. Сақ болыңыз!

Жарылыс болған жағдайда

1. Жағдайды түсіндіруге және тыныштандыруға тырысыңыз.
2. Абайлап жүру керек, зақымдалған құрылымдарға, ашық сымдарға қол тигізбеу керек.
3. Қираған немесе зақымдалған ғимараттарда жиналған газдардың жарылу қаупіне байланысты ашық отты (сіріңке, шырақ және т.б.) қолданбаңыз.
4. Түтін шыққан жағдайда тыныс алу мүшелерін ылғалданған орамалмен (мата, сүлгімен) қорғаңыз.
5. Зардап шеккендер болған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету және зардап шеккен аймақтан шығу жолдарын іздеңіз.

6. Қызметтік міндеттеріңізге сәйкес қатаң түрде әрекет етіңіз.

Эвакуациялау жағдайында тиісті шаралар қабылдаңыз. Егер эвакуациялау мүмкін болмаса (ғимараттан, бөлмеден), орналасқан жеріңіз туралы хабарлау мүмкіндігін табыңыз (мысалы-балконға барыңыз, әйнекті сындырыңыз және т.б.).

Егер сіз қабырғалар үйінділерінің астында қалып қойсаңыз

1. Сабырлық сақтаңыз, көңіліңізді түсірмеңіз.
 2. Асықпай терең дем алуға тырысыңыз.
 3. Аштық пен шөлге шыдауға дайын болыңыз.
 4. Қатты тарсылдатып, дыбыс шығару арқылы адамдардың назарын өзіңізге аударуға тырысыңыз.
 5. Егер сіз жер бетінен тереңде болсаңыз, темір іздегіш арқылы сіздің қай жерде екеніңізді анықтау үшін сіз кез келген металл затты (сақина, кілттер, т.б.) солға және оңға жылжытыңыз.
 6. Сіріңке, шам жақпаңыз - оттегіні үнемдеңіз.
 7. Тағы да көшкін туғызбау үшін абайлап, мұқият жүріңіз. Сырттан келетін ауаның қозғалысын бағдарлаңыз.
 8. Мүмкін болса, төбені бөрене немесе басқа заттармен (тақтайлар, кірпіштер және т.б.) тіреп, көмек күтіңіз.
- Есіңізде болсын - көмек келеді.

19 ЖОББМ психологиялық қызметі